XIX ғасырдың басында құрылған Петербург университеті алдыңғы қатардағы оқу орындарының бірі болғанымен, өзге ұлт өкілдеріне берген білімдері отарлау жүйесінің негізінде болды. Ресейдің жүргізген саясатына қарамастан, қазақ зиялылары өзіндік принциптерін ұстана отырып, қазақ елінің бостандығы үшін жан-жақты күресіп, сол жолда аянбай еңбек етті. Барлық зиялы қауымның қызмет жолы қазақ халқының көзі ашық көкірегі ояу болуы мен қазақ өз жерінің жеке меншікті иесі болуы сынды бағыттардан тұрды.

Осы кезеңде ол Алаштың белді қайраткерлері Райымжан Марсековпен бір курста, ал Жақып Ақбаевтан бір курс жоғары оқыған. Жақып екеуі бір үйде бірге тұрған екен. Олар Петербордағы Александровск даңғылындағы 7-үй, 3-пәтерді жалға алады. Екеуі археология үйірмесіне қызығып, археологиялық институтқа түсуге өтініш білдіреді (ООФҚҚА. 14-қ. 3-т. 34521-іс, 5-п.).

Айдархан мен Жақып «Рим құқығы», «Азаматтық құқық және сот ісін жүргізу», «Халықаралық құқық», «Құқық философиясы» пәндерін ерекше қызығушылықпен оқиды. Ал, Райымжан Марсековпен Полицей құқығы, Қылмыстық құқық, Мемлекеттік құқық пәндерін бірге талқылаған.

Айдархан Тұрлыбаев «Қазақтардың некелесу құқығы» атты дипломдық жұмысын сәтті қорғап шықты. Ол қазақтарды «бұратана», «тағы», «жабайы», «заң жоқ, тек салт-дәстүр деңгейінде ғана қарым-қатынас жасайды» деп санайтын көзқарасты өзгерту мақсатында қазақ қоғамының дәйектелген заңдық нормаларын көрсетіп берді. 75 беттік бұл құнды еңбек Санкт-Петербург архивінде сақтаулы тұр (Жұртбай, 2011: 235). Осы тұста тоқтала кететін ерекше жәйт, университетте Айдархан Тұрлыбаев пен Жақып Ақбаевтың жанында оқыған жылдары дипломдық жұмыстың жетекшісі бір оқытушы, Адольф Христианович Гольмстен (1848–1920) - азаматтық құқық саласында бірқатар салмақты ғылыми еңбектерін қалдырған ғалым болды. Ол А. Тұрлыбаевтың «Қырғыз неке құқығы» тақырыбындағы дипломдық жұмысын, ал бір жылдан кейін Ж.Ақпаевтың дипломдық жұмысын басқарды. Айта кетерлігі,

Ж. Ақпаев дипломдық жұмысын А.Тұрлыбаевтан бір жыл өткеннен кейін қорғады. Алайда, егер Айдархан өз жұмысында қазақтардың әдеттегі құқығының сипатына, олардың рөліне назар аударып, жекелеген нормалардың маңызды жақтарын анықтаса, Ж. Ақпаев Еуропаның құқықтық жүйесімен салыстыра отырып, оның ойын одан әрі дамытады. Дей келе, көшпелі қазақ халқының қалыптасқан неке-отбасы құқығы феноменінің мәнін аша отырып, ол бұл құқықтық жүйе өзінің өркениетті және басқа халықтардың жүйелерінен кем түспейтінін дәлелдейді.

Жоғары оқу орнын тәмәмдаған соң, 1902 жылы Омбының заң орындарында адвокаттық қызмет көрсетіп, «присяжный поверенный» міндетіне тағайындалып, 1917 жылға дейін жұмыс істейді. «Присяжный поверенный» дегеніміз Ресейдің сот реформасының негізінде құрылған Ресей империясының аудандық сотында немесе сот палатасындағы адвокаты. Бұл атау 1864–1917 жылдар аралығында болған. «Присяжный поверенный» болу үшін арнайы талаптар қойылды. Олар: жоғары заң білімі, сот қызметінде 5 жылдық еңбек өтілімі, жасы 25-тен төмен болмауы, ерекше мән берілген жағдай – тек қана Ресейдің «азаматы» болуы шарт. Сонымен қатар, «Присяжныйлардың» кеңесінің келісімі қажет болған. Осы талаптардың барлығын орындағандықтан Омбы қаласында «Присяжный поверенный» қызметін абыроймен атқара отырып, ұлт мүддесін қорғады. Түрлі сұранымдармен келген қазақтарға қамқор болып, оларға оң шешім қабылдауға көмек көрсетті (ООТА. 25-қ., 2-т., 1-іс, 3-п.).

Айдархан Тұрлыбаев Алаш жұртына 1917 жылы кеңінен таныла бастайды. Ол жайында жалпыұлттық «Қазақ» газеті былай деп жазды: «Айдархан Тұрлыбаев – присяжный поверенный, заң ғылымын жетік меңгерген, іскер адам... Айдархан I және II МемДумаға Ақмола облысы атынан депутат болып сайлануға лайықты еді». Адвокаттық қызметімен қатар Тұрлыбаев өлкенің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласады. Бұл туралы белгілі қазақ профессоры К.Әбуов былай деп жазады: «Айдархан 1902 жылы оралған соң, ұлттың әрі қарайғы тағдыры бойынша жергілікті интеллигенциямен қызметтес болады». Оны «Киргизская степная газета» штатына корреспондент ретінде қабылданады. Бұл газетпен Тұрлыбаевтан басқа да белгілі қазақ қоғам қайраткерлері қызметтес болған. А. Тұрлыбаев саяси өмірге 1917 жылғы ақпан оқиғаларынан соң белсенді түрде кіріседі, өйткені ол, барлық қазақ зиялылары сияқты, бұл оқиғамен ірі саяси және экономикалық өзгерістердің болатынына үміт артады (Тұрлыбаев, 2014: 399–400.)

Далалық генерал-губернаторлығының әкімшілік орталығы – Омбы қаласында 1917 жылғы 2 наурызда Қалалық дума мен қоғамдық ұйымдардың өкілдерінің бірлескен отырысы өтеді, онда биліктің жаңа органын құру туралы мәселе қарастырылады. Бұл жерде Омбы коалициялық комитетін құру туралы шешім қабылданады. Оған 15 адам сайланады. Жаңадан құрылған комитеттің қазақ бөлімінің жетекшісі болып А. Тұрлыбаев тағайындалады. Осы кезде құқықты табыстаумен 10 адамнан тұратын Омбы облыстық қазақ комитеті құрылады. Тұрлыбаев 1917 жылдың 24 сәуірінен 7 мамырға дейін Омбыда өткен Ақмола облысының қазақ съездін ұйымдастыруға және өткізуге белсенді қатысады. Съезд жұмысына әр болыстан екі адамнан 114 делегат келеді. Съезд мынадай резолюция қабылдайды: 8–12 жасқа дейін ауыл мектептерінде ана тілінде жалпыға бірдей білім беру, мұғалімдер дайындау, мұсылмандық орта оқу орындары үшін 50 шәкіртақы және орыс орта оқу орындары үшін 5 шәкіртақы қарастыру, әйелдер теңдігін енгізу. Көздеген мақсатты жүзеге асыру үшін делегаттар Айдархан Тұрлыбаевтың төрағалығымен ерекше Ақмола облыстық қазақ атқарушы комитетін құру туралы ұсыныс білдіреді. Орынбасарлары – А. Сейітов, С. Жанайдаров, мүшесі – Мағжан Жұмабаев болады. Съездің ұйымдастырушыларының мақсаты – Ақпан революциясынан кейінгі жаңа үкімет – «Алаш» партиясы мен Омбы коалициялық комитетін қолдау. 1917 жылы А. Тұрлыбаев I Жалпықазақ съезін ұйымдастыру мен өткізуге белсене қатысады, онда «Алаш» партиясы құрылады (1917 ж. 21–28 шілдесі). 23–27 қыркүйек аралығында Омбыда (Облыстық шаруашылық комитеті үй-жайында) Ақмола облысының уездік қырғыз атқарушылары өкілдерінің съезді өтеді. Съезде А. Тұрлыбаев пен А. Сейітов төрағалық етеді. Қылмыспен күресу үшін съезд бірауыздан

болыстық халық сотын сайлау туралы шешім қабылдайды. Сібір облыстық комитетіне Ақмола облысы атынан Айдархан Тұрлыбаев сайланады (Төлеубаева, 2017: 3).

1917 жылғы 31 қазанда Омбыда Ә.Бөкейханның қатысуымен Алаштың жиналысы өтеді, ал 1917 жылдың 18 желтоқсанында «Қазақ» газеті Омбы комитетінің құрамын жариялайды: А. Сейітов, М. Жұмабаев, М. Саматов, А. Тұрлыбаев (төраға), Б. Серкебаев, Е. Мұқышев, Е. Итпаев, Д. Әділов, Қ. Кемеңгеров, М. Сейітов, Ж. Тлеулин, О. Ахметов, Х. Қожамберлин, К. Какенов. Айдархан Тұрлыбаев Алаш Орда жалпықырғыз халық кеңесінің мүшесі болып сайланады. Оның кандидатурасы Алаш-Орда төрағасы лауазымына ұсынылады, сонымен қатар Әлихан Бөкейханұлы, Бақыткерей Құлманов та ұсынылады (Ууама, 2012: 12). Нақтылауды қажет ететін кейбір деректер бойынша, Әлихан Бөкейханға 40 депутат дауыс берген, қарсы – 18, Бақыткерей Құлмановқа – 19, қарсы – 39, Айдархан Тұрлыбаевқа – 20, қарсы – 18 дауыс берілген. Осылайша делегаттар демократиялық құндылықтарға бейілділіктерін білдіреді. Және беделі бойынша Айдархан Тұрлыбаев тек шыңғысхан ұрпағы Ә.Бөкейханұлына ғана жол берген. Сонымен қатар, ол «Алаш» халық милициясын ұйымдастыруға да белсене ат салысқан (Х. Ғаббасов, М. Тынышбаев, Б. Маметовпен бірге).

1917 жылғы сәуірдің 25-нен мамырдың 7-не дейін Омбы қаласында Ақмола облыстық қазақ съезі өтті. Съезді дайындаған – белгілі Алаш қайраткері Ережеп Итбаев бастаған ұйымдық комитет болатын. Оған Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Омбы және Петропавл уездерінен 250 делегат қатысты. Съезд төрағалығына заңгер Айдархан Тұрлыбаев, орынбасарлары болып Ережеп Итбаев пен Міржақып Дулатов, хатшылығына Мұхтар Саматов, Асылбек Сейітов және Тоқбаев сайланды. Бұл съезге Мағжан Жұмабаев қатысып, ол 7–8 мамырда Мәскеудегі бүкілресейлік мұсылмандар съезіне делегат болып сайлануына байланысты, Омбыдан жедел жүріп кетті.

Съезде соның алдында ғана өткен Орынбор және Орал қазақ съездерінің қараған мәселелері мен қабылдаған құжаттары талқыланды. Атап айтқанда: Қазақстанның барлық аймақтарында билікті қолына алатын қазақ комитеттерін құру, жалпықазақтық және жалпымұсылмандық съездер өткізу, Ресей Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау мәселелері сөз болды.

Қорытынды мәжілісте он адамнан Омбы облыстық қазақ комитеті құрылды. Оның төрағалығына Айдархан Тұрлыбаев сайланды. Осылайша, тұңғыш рет ұлан-байтақ қазақ даласының түпкір-түпкірінде халықтың мұңы мен мұқтажын қорғайтын ұлттық белгідегі мемлекеттік билік органдары дүниеге келді.

Осылайша үкіметсіз қалған Ресей империясының әр аймағында, оның ішінде орталығы Омбы, бірақ негізгі тірегі Петропавл болған Ақмола облысында да биліктің кімнің қолында болуы керектігі шешілмей жатты. Алаш көсемдерінің ұйымдастыруы бойынша уездік атқару комитеттерімен қатар жарыса қазақ комитеттері де құрыла бастады. Қазақ комитеттері ақпан революциясынан кейінгі ұлт-азаттық қозғалыстың даму нәтижесінде қалыптасып, мемлекеттік еркіндікке, ұлттық мемлекет болуға ұмтылған халықтың алғашқы қадамы болатын.

Қазақ жұртының күшін біріктіріп жолға салу, түрлі мәселелерді шешуге жұмылдыру аталынған кезеңде, Ақмола облыстық комитеті, төрағасы А. Тұрлыбаев, Ақмола уездік комитеті, төрағасы С. Сейфуллин, Көкшетау уезі Ә. Жұманов азаттық, болашақ жолында күш біріктіре отырып жұмысқа кірісті. Комитеттің негізгі міндеттеріне ендігі жерде саяси жұмыстармен қатар, әкімшілік, шаруашылық міндеттері де жүктелді. Қазақ комитеттерінің өтпелі кезеңде жергілікті ұлт мүддесін қорғау үшін құрылғанын, олардың большевиктік немесе қандай да революциялық бағдарламасы болмағандығын атап айтқан жөн. Себебі, кеңестік тарихта қазақ комитеттері шетінен ұлтшыл, кертартпа, бұқара халыққа қарсы билік институттары болып еді деген теріс пікір қалыптасқан.

Сонымен қатар, А. Тұрлыбаев, Х. Ғаббасов, М. Тынышпаев, Б. Маметовпен бірге Семей қаласында қазақ полкінің бірін құруға белсенді атсалысқан. Еске сала жететін бір мәселе, Орынбор қаласында өткен Бірінші жалпықазақтар съезінде (1917 жылғы 21–26 шілде) қаулы қабылданды. Онда қабылданған 14 қарардың біреуі «халықтық милицияны»



ұйымдастыруға арналған. 1917 жылғы 21 қарашада жарияланған 10 тармақтан тұратын «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасында 6-тармақ армияны құруға арналған. Онда: «Халықты қорғау үшін қазіргіден өзгеше құрылған армия болуға тиіс. Тиісті жасқа толған жастар жергілікті жерде оқытылып, қызметтен өтеді: әскери бөлімдер бойынша бөлу рулық, туыстық қатынас негізінде жүргізіледі. Қазақтар атты милиция түріндегі қызметтен өтуде» делінген. Осған орай, жер-жерлерде Алаш әскерін құру белсенді түрде жүзеге асырылды (Қойгелдиев, 2008: 58).

Ұлыдержавалық шовинизм, отаршылдық туын жықпай, екі ғасыр билеп-төстеп қалған дәстүрді одан әрі жалғастырғысы, тіпті нығайтқысы келді. Бұл мақсат «Ресей мемлекетінің тұтастығын сақтау үшін» деген ұранмен жүзеге асырылмақ болды. Алайда, бұл ұран қазақтар үшін жат еді. Тарихтың шұғыл бұрылысы жағдайында көрініп тұрған үміт сәулесін пайдалану қазақ халқының тәуелсіздігі мүддесіне қажет болды. Міне, осындай сын сәтте бүкіл қазақтық Алаш қозғалысы дүниеге келіп, саяси ұйым ретінде қалыптасуы, үкімет билігін қолына алуға талпынуы заңды құбылыс еді. Сонымен бірге, Алаш көсемдері елдегі көпұлтты жағдайды сергек сезініп, Қазақстанды мекендеп қалған басқа да ұлт өкілдерінің мүддесіне, құқына нұқсан келтірмеуге барынша ұмтылғаны Алаш партиясының және Алашорда үкіметінің барлық құжаттарынан анық көрінеді.

Қазағым өз алдына ел болып, отау тігіп, тәуелсіз өмір сүрсе екен деп қиын-қыстау заманда қазақ зиялылары көптеген игі істер атқарса, Алашорданың құрылуы тәуелсіздікті аңсаған идеялардың көрінісі еді. Белгілі алаштанушы М. Қойгелдиевтің сөзімен айтсақ: «Алаш қозғалысы бүгінде қайта жаңғыруды бастан кешіріп отырған ұлттық сана-сезіміміздің, қоғамдық түсінік-түйсігіміздің қайнар бастауында тұрған, осы қасиеттері жетіліп, дамуына тікелей ықпалы болған құбылыстардың бірі. Оның өмірге келуі отарлық езгідегі халқымыздың ғасырлардан бері жинақталып келген және әбден пісіп-жетілген наразылығының ішкі жанапайының сыртқа шығу көрінісі болды».

Қызылжар өңірінің Алаш қайраткерлерінің саяси аренадағы қайраткерлігін дәлелдейтін құжаттардың бірі – 1918 жылы Екінші Петропавл уездік төтенше жиналысына қатысуы болатын. Саяси ахуалдың қайнап тұрған кезіндегі Қазақ комитеттерінің беделі мен сол комитеттің атынан Мағжан Жұмабайдың сөз сөйлеуі, сол кезеңдегі қазақ зиялыларының алатын орнын айқындайды.

Сол кезеңдегі Уақытша Сібір Үкіметінің уәкілі Кузнецов баяндамасында өңірдің саяси жағдайына тоқталып, үкіметтің басқару түрін, ЖалпыРесей Федерациясына кірген комитеттердің статустарын анықтады. Жиынның негізгі мақсаты – комитеттер құрамындағы барлық ұлт өкілдеріне тең құқық беру, яғни олардың ұлтына, дініне, нәсіліне, жынысына, әлеуметтік жағдайына қарамай, соның негізінде сайлау жүйесін құру.

Омбы облысының тарихи архивінің қорында осы кезеңді сипаттайтын құжат анықталды. Ол құжатта 1918 жылғы Қазақстанның солтүстігінде Совет үкіметін құлатып, үкімет басына қазақ және басқа да комитеттер келген кезең баяндалады.

1919 жылы 11 ақпанда Омбы қаласында Колчак үкіметінің ішкі істер министрінің орынбасары П.Ф. Коропачинскийдің төрағалық етуімен «Қазақ халқының әкімшілік-шаруашылық құрылымы туралы мәселе» жөніндегі ведомствоаралық алдын ала жиналыс өткізілді. Жиналысқа Ішкі істер және Сыртқы істер, Әділет, Қаржы министрліктерінің өкілдері, сонымен қатар Алашорда төрағасы Ә. Бөкейхан және оның мүшелері У.Танашев пен А.Тұрлыбаев қатысады. Қазақстанда Азамат соғысы аяқталған соң 1920 жылы БОАК және РСФСР ХКК «Қырғыз Автономиялық Социалистік Советтік Республикасын құру туралы» декрет қабылдайды. Омбы облысының аумағында сол кезде ҚырАССР өкілдігі құрылып, 1923 жылға дейін қызмет еткен, ал оны Уәкілетті Өкіл А. Тұрлыбаев басқарған. Уәкілеттік басқа мәселелермен қатар, Омбыда оқитын студенттерге оқуға қаражат құралдарын бөлумен де айналысты.

1922 жылы Тұрлыбаев ҚырАССР БОАК студенттерге 500 пұт ұн және 200 пұт ет бөлу туралы жазады. 1921 жылы қазіргі Қазақстан аумағында аштық басталады да, ҚырАССР Омбыдағы уәкілеттілігі РСФСР Омбы уезінің қазақтарына азық-түлікпен көмек

көрсету туралы үндеу жариялайды. Бұл көмек жуық арада көрсетіледі. Өткен ғасырдың 30-шы жылдарының басына дейін А. Тұрлыбаев облыстық тұтынушылар одағында юрисконсульт болып жұмыс істейді: 1931 жылға дейін Омбы қаласында, одан соң 1934 жылдың қазанына дейін Возвышенка бидай совхозында. 1934 жылдың қазанынан 1935 жылдың сәуіріне дейін Ақмола қаласындағы Казжелезнодорожстрой Басқармасы жанында қызмет етеді. 1937 жылғы 4 шілдеде А. Тұрлыбаев НКВД (ПХК) органдарымен тұтқындалады. Келесі күні оған келесідей айып тағылады: «белсенді алашордашы болғандықтан, Сібірдегі Колчак реакциясы кезінде ақгвардияшыларға совет үкіметіне жаны ашитындарды ұстап берген. Совет үкіметіне қарсы күресу үшін жігіттерді жасақтаған. Сібірде ақгвардияшылардың тас-талқаны шығарылған соң да, совет үкіметіне қарсы бағытталған ұлтшылдық іспен және пантүркілік мемлекет құрумен айналысуын жалғастырған. Басқа да тұлғалармен бірлесіп, әскери шиеленістер кезінде көтеріліске көтеру үшін контрреволюциялық кадрлар даярлаған» - деген айып тағылды (ООФҚҚМ. 4-қ. 2-т. 7879-іс, 160-п.).

Тағылған айыптардың бірде-бір тармағы бойынша А.Тұрлыбаев өзін кінәлімін деп мойындамады. 1937 жылдың 17 қарашасында НКВД (ПХК) МҚБ органдары «ату» жазасын жариялайды. 23 қарашада А. Тұрлыбаев атылады. Тек 1957 жылдың 13 тамызында Сібір әскери округінің әскери трибуналымен ісінде қылмыстық құрам болмауына байланысты А. Тұрлыбаевтың аты толығымен ақталды (ООФҚҚМ. 4-қ. 2-т. 7879-іс, 2-п.).

Қызылжар өңірінен шыққан тағы бір Алаш қайраткері, заң қызметі жолында бірқатар жұмыстарды атқарған азамат — Ережеп Итбаев.

Ержеп Итбайұлы Итбаев – 1867 жылы Семей губерниясы, Зайсан уезі, Қызылтас болыстығында (қазіргі Тарбағатай ауданы жерінде) дүниеге келген. Атамекені Ақсуаттың Үштөбе, Қызылкесік жерлері. Ол қазақ халқынан шыққан тұңғыш адвокаттардың бірі. Орысша жетік сауатты болған. Омбыда, Семейде және Ақмолада заң саласы бойынша қызмет атқарған.

Семей архивінде сақталған жеке іс-құжаттарына назар аударсақ, өз қолымен толтырған мәліметтерде 1867 жылы туылған, ұлты қазақ, гимназияда оқыған, Томск университетінің Медицина факультетінде 2 курсын оқыған, 1908–1917 жылдар аралығында Омск округтік сотының аудармашы қызметіне тағайындалып, қызмет істеген, 1917 жылы 1 мамырдан – 1919 жыл 20 қарашаға дейін Алаш партиясының мүшесі, 1917 жылы 21–26 шілдеде Орынборда өткен Бірінші бүкілқазақтық съезіне қатысқан, 1920 жылдың қарашасынан – 1921 жылдың қазан айына дейін Омск қаласындағы Қазақ өкілдігінде хатшы қызметін атқарған, 1921 жылы қарашадан – 1922 жылдың қыркүйек айлары аралығында Семей губерниялық атқару комитетінде әкімшілік басқарманың меңгерушісі қызметіне сайланған. 1922 жылдың қазан айынан – 1923 жылдың мамырына дейін Семей губерниясы Халықтық сотында қызмет жасады. 1923 жылы қазан айынан Семей губерниялық сотында Қорғаушылар (адвокаттар) коллегиясының мүшесі ретінде тағайындалған. Өзі толтырған осы аталған жеке іс парағында отбасы бар, онда 2 қызы және бір ұлы бар екендігі көрсетілген(ШҚО ҚЗТҚО. 73-қ. 2-т. 1–5-пп).

1917 жылы ақпан төңкерісінен кейін тәуелсіздік жолында ұмтылыс, талпыныстар мақсатымен әр жерлерде съездер өткізілген. Мәселен, Оралда, Орынборда, Ақтөбеде, Ташкентте өткен қазақ съездерінде аграрлық және ұлттық мәселеге баса назар аударылса, А. Тұрлыбаев, Е. Итбаев және М. Дулатовтың басшылығымен Омбыда өткен қазақ ұйымдарының облыстық съезінде оқу-ағарту, қаражат, дін, әйелдер теңдігі мен земство (жергілікті басқару) қызметі жөніндегі мәселелер кеңінен талқыланды (Қойгелдиев, 1995: 38).

Омбыда 1917 жылдың сәуірдің 25-інен мамырдың 7-сіне дейін өткен Ақмола облысының съездерінің хронологиялық жағынан бесіншісі болды. Екі аптаға дерлік созылған бұл съезді Е. Итбаев басқарған арнаулы ұйымдастыру комитеті дайындады. Оның 250 делегаттарының қатарында Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Омбы және Петропавл уездерінің өкілдері болды. Съезд төралқасының құрамына А. Тұрлыбаев (төраға), Е. Итбаев пен М. Дулатов (төраға орынбасарлары) М. Саматов, А. Сейітов (хатшылары) сайланды. Съезді Омбы әскери

округінің командашысы генерал А. Григорьев, Уақытша үкіметтің облыстық комиссары И. Законов, шаруалар кеңесі атқару комитетінің төрағасы Юркевич, Омбы мұсылмандар бюросынан Каримов пен Ибатуллин, Торғай облысы қазақтары атынан М. Дулатов құттықтады (Халидуллин, 2001: 45).

1917 жылы 21–26 шілде күндері аралығында Орынборда өткен Бірінші бүкілқазақтық съезіне Ережеп Итбаев қатысқан. Ондағы мәжіліс Халел Досмұхамедовтың төрағалығымен, Ахмет Байтұрсыновтың, Әлмұхамбет Көтібаровтың, Міржақып Дулатовтың және Асылбек Сейітовтың хатшылығымен өткен съезд делегаттары 14 мәселенің ішінде өздерінің басты назарын ұлттық автономия, жер, құрылтай съезіне дайындық және қазақтың саяси партиясын құру проблемаларына аударды (Ibraeva et al., 2021: 12).

Алаш зиялылары 1917 жылы қазанның 8-15-інде Том қаласында өткен басты мәселе ретінде Сібір автономиясын құру проблемасын талқылаған жалпысібірлік съезге Қазақ өлкесінің Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Орал облыстары мен Бөкей өңірінен Әлихан Бөкейханов басқарған 9 өкіл қатысты. Қазақ халқының өкілдері Қазақстанның уақытша Сібір автономиясы құрамына енетіндігін мәлімдеді. Съезд бекіткен Экономикалық Кеңес, негізгі заңды дайындайтын комитет құрамына қазақ өкілдері енді. Съезд сайлаған Сібір кеңесінің құрамына Қазақстаннан Құрылтай жиналысының депутаттары Әлихан Бөкейханов, Мұхаметжан Тынышбаев, Халел Ғаббасов, Ережеп Итбаев, Сағындық Досжанов енгізілді (Қойгелдиев, 2008: 28).

Атақты Мәди Бәпиұлының жуандарға жақпаған ерлік әрекеттеріне байланысты 1912 жылы жеті жылға кесіліп, әуелі Қараөткелге (Ақмолоға), одан Қызылжарға (Петропавлға) айдалған. Айдауда жүріп, Ресей империясының патшалық кезеңінде Омбы округтік сотында аудармашы қызметін атқарып жүрген Ережеп Итбайұлына арызданған. Қаншыл азамат Ережеп оның ісіне белсене араласып, соның нәтижесінде 1915 жылғы 16 наурызда қалған үш жылынан азат етіліп, босап шығады.

Ал, кеңестік кезеңде 1924 жылы Жарма ауданындағы Георгиевка селосының кулактары Матай елінің білікті адамы Әбілда баласы Сақпан байды ұрып өлтіреді. Соңынан іс қозғалады. Бұл істі қарауда адвокат қызметін Ережеп Итбаев атқарып, қылмыскерлердің төртеуіне жеті жылдан түрме жазасына кескен (Алтынбаев, 1998: 49–50)

Ережеп Итбаевтың қоғамдық-саяси қызметіне қатысты таң қаларлық жағдай, ол арнайы заңгер мамандығын оқымағандығы, бірақ өте орысша да, қазақша да сауатты болып, заңды жетік білуінің арқасында сот кеңселерінде аудармашы, хатшы және халықтық сот коллегиясының мүшесі қызметін Семейде, Ақмолада және Омбыда атқарғандығы.

Қазақ жұртының тәуелсіздігі, бостандығы жолында қызмет атқарған осы заматтарымыз саяси қуғын-сүргіннің құрбандары болды.

### **Қорытынды**

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, біз Алаш қозғалысына белсене қатысқан Айдархан Тұрлыбаев пен Ережеп Итбаев ұлттық мүдде үшін қызмет еткен, олардың ата-бабаларымыздың мұрасына деген сауатты көзқарасы, халықтың демографиялық жағдайын қолдау мәселелерімен танысқан кезде біздің дәстүрлерімізді сақтау қажеттігін айтып кеткен.

Артынан өшпес мұра қалдырған қоғам қайраткерлері Айдархан Тұрлыбаев пен Ережеп Итбаев сынды өз заманының білікті заңгерлер заң жолымен ақталғанымен, қоғамдық санада толық ақталуы тиіс. Олардың ұлттың батырлары, ардақтылары, жанашарлары екенін қоғамға ұқтырып, осы азаматтарымызбен мақтанып, оларды дәріптей алсақ, біз үшін олардың шын ақталғаны болады (Геллер, Некрич, 2000: 15).

Шыншыл, парасатты, білікті, ұлтқа қызмет ету идеясына берілген, елінің гүлденуін жан-тәнімен қалаған азаматтарымызды еш ұмытпай, олардың ерен еңбегін мақтан тұтуымыз қажет. Абылай заманында сыртқы жаудың қауіп-қатерінен басы қосылған қазақ; Кенесары, Махамбет, Абай дәуірінде «бас-басына би болған» қазақ Алаш тұсында бас біріктірді, қимыл біріктірді (Қозыбаев, 1992: 192). Алаш қозғалысы дәуірі қазақтың ұлт ретінде бірігу, тұтасу, етене араласу дәуірі болды. Алаш қозғалысының тарихы – отандық ғылым үшін қазақпен бірге

жасайтын мәңгілік тарих. Ұлтының мәңгілігін ойлаған абзал азаматтардың жүріп өткен жолын үлгі ету, ерлікке татырлық еңбектерін бағалау – бүгінгі ұрпақ үшін, ұлтымыз үшін ең қымбатты құндылықтардың бірі.

Алаш арыстары өз заманында саяси күрес қазанында қайнап, нәтижесінде халқының арнамысы боларлық дәрежеге көтеріле білген ұлттық интеллигенция өкілдері. Олардың ісі қазақ халқы барда, тәуексіз еліміз тура жолға түсіп, ұлттық ұлы мұраттарымыз алдыңғы қатарға шығып жатқан алмағайып кезеңде ұлтын, елін, жерін сүюдің, соған қалтқысыз қызмет етудің үлгісі болып мәңгі жасай береді!

### Sources

HAOR — Historical Archive of the Omsk region  
AFSSOR — Archive of the Federal Security Service of the Omsk region  
DCMHEKR — Documentation Center of the modern history of the East Kazakhstan region  
NKSA — North Kazakhstan State Archive

### Дереккөздер

ООТА — Омбы облыстық тарихи архиві  
ОФФҚМ — Омбы облысы Федералдық қауіпсіздік қызметі архиві  
ШҚО ҚЗТҚО — Шығыс Қазақстан облысы Қазіргі заман тарихының құжатнама орталығы  
СҚОМА — Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві

### References

- Altynbaev, 1998 — *Altynbaev Q., Jumahan E.* Aqsyat: Tarihi-derekti basylym [Aksuat: historical and documentary publication.]. Almaty: Er-Daylet, 1998. 250 p. (In Kaz.).
- Amanjol, 2008 — *Amanjol N.* Barlybek Syrtanov hám algashqy Ata Zan [Barlybek Syrtanov and the first parent Law]. Aiqyn. 2008. 25 jeltoqsan. Pp. 7–10 (In Kaz.).
- Amanzholova, 2013 — *Amanzholova D.* Alash: istoricheskij smysl demokraticeskogo vybora [Alash: The historical meaning of Democratic Choice]. Almaty: Tajmas, 2013. 400 p. (In Russ.).
- Geller, Nekrich, 2000 — *Geller M.Ya., Nekrich A.M.* Utopiya u vlasti. Istoriya Sovetskogo Soyuzas 1917 godadonashihdnej [Utopia is in power. History of the Soviet Union from 1917 to the present day]. Moscow: MIK, 2000. 856 p. (In Russ.).
- Halıdyllın, 2001 — *Halıdyllın G.H.* Politika Sovetskogo gosydarstva v otnoshenii kazahskih sharıa (1917–1940) [The policy of the Soviet state in relation to the Kazakh sharua (1917–1940)]. Almaty: NIS Gylym, 2001. 216 p. (In Russ.).
- Harlamova, Rakisheva, 2002 — *Harlamova O.B., Rakisheva A.T.* Knigaskorbi – Azalykitap; kaz. istoriko-prosvet. o-vo«Adilet» («Spravedivost»); Akimat SKO RK. [Book of Sorrow –AzaliKitap; «Adilet» («Justice») Kazakh historical enlightenment society; Akimat of North Kazakhstan region of Kazakhstan]. Is. 7. Severo-Kazahstanskaya oblast [North Kazakhstan region]. Almaty: Kazakhstan, 2002. 210 p. (In Russ.).
- Jurtbai, 2011 — *Jurtbai T.* Dvizhenie Alash: Sbornik materialov sudebnyh processov nad alashevtsami [The Alash movement: A collection of materials of the trials of Alash residents]. Almaty: FF El-shezhire, 2011. Vol. 2., Vol. 3. 376 p. (In Russ.).
- Ibrayeva et. al, 2021 — *Ibrayeva A.G., Temirkhanova A.S., Kartova Z.K., Sadykov T.S., Abuov N.A., Pleshakov A.A.* Interdisciplinary approach to studying written nomadic sources in the context of modern historiology. Heritage Science, 2021. No 9(1). 90 p.
- Qazaq, 1917 — *Qazaq gazetı* [Kazakh newspaper]. 1917. 21 qarasha. 6 p. (In Kaz.).
- Kozybayev, 1992 — *Kozybayev M.K.* Aqtandaqtar aqiqaty. Oququraly [The truth of excuses: a training manual]. Almaty: Qazaq universitety, 1992. 272 p. (In Kaz.).
- Koigeldiev, 1995 — *Koigeldiev M.* Alash gozgalysy: oqy quraly [Alash movement]. Almaty, Sanat, 1995. 368 p. (In Kaz.).
- Koigeldiev, 2008 — *Kozybayev M.K.* Alash qozgalysy. Birinshi tom. Óndelip, tolyqtyrylgan ekinshi basylymy [Alash movement. The first volume. Edited and supplemented second edition]. Almaty: Mektep, 2008. 428 p. (In Kaz.).
- Nurpeisov, 1995 — *Nurpeisov K.* Alash hám Alashorda [Alash and Alashorda]. Almaty: Atatek, 1995. 256 p. (In Kaz.).
- Syrtanov, 1911 — *Syrtanov B.* Qazaq eliniń ýstavy. Almaty: Aqparat, 1911. 59 p. (In Kaz.).
- Toleybaeva, 2017 — *Toleybaeva A.* Aidarkhan Turlybaev jaynda ne bilemiz? [What do we know about Aidarkhan Turlybaev?]. Semei tany, 2017. Mamyr. Pp. 5–8. (In Kaz.).
- Turlybaev, 2014 — *Turlybaev A.* Alash qozgalysy: ensiklopedialyq anyqtamalyq [Alash movement: an encyclopedic reference book]. Almaty: Sardar, 2014. 400 p. (In Kaz.).
- Uyama, 2012 — *Uyama T.* The Alash Orda's Relations with Siberia, the Urals and Turkestan: The Kazakh National Movement and the Russian Imperial Legacy. Uyama Tomohiko, ed. Asiatic Russia: Imperial Power in Regional and International Contexts. London: Routledge, 2012. Pp. 271–287.

## Әдебиеттер

- Алтынбаев, Жұмахан, 1998 — *Алтынбаев Қ., Жұмахан Е.* Ақсуат: Тарихи-деректі басылым. Алматы: Ер-Дәулет, 1998. 250 б.
- Аманжол, 2008 — *Аманжол Н.* Барлыбек Сыртанов һәм алғашқы Ата Заң // Айқын. 2008. 25 желтоқсан. 7–10 бб.
- Аманжолова, 2013 — *Аманжолова Д.* Алаш: исторический смысл демократического выбора Историческая монография. Алматы: Таймас, 2013. 400 с.
- Геллер, Некрич, 2000 — *Геллер М.Я., Некрич А.М.* Утопия у власти. История Советского Союза с 1917 года до наших дней. М.: МИК, 2000. 856 с.
- Жұртбай, 2011 — *Жұртбай Т.* Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трехтомник. Алматы: ФФ Ел-шежіре, 2011. Т. 2. 376 б.
- Қазақ, 1917 — *Қазақ газеті*, 1917. 21 қараша. 6 б.
- Қозыбаев, 1992 — *Қозыбаев М.Қ.* Ақтаңдақтар ақиқаты: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 1992. 272 б.
- Қойгелдиев, 1995 — *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы: оқу құралы. Алматы: Санат, 1995. 368 б.
- Қойгелдиев, 2008 — *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. Алматы: Мектеп, 2008. 428 б.
- Нұрпейісов, 1995 — *Нұрпейісов К.* Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995. 256 б.
- Сыртанов, 1911 — *Сыртанов Б.* Қазақ елінің уставы. Алматы: Ақпарат, 1911. 59 б.
- Төлеубаева, 2017 — *Төлеубаева А.* Айдархан Тұрлыбаев жайында не білеміз? // Семей таңы. 2017. Мамыр, 58 б.
- Тұрлыбаев, 2014 — *Тұрлыбаев А.* Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Сардар, 2014. 400 б.
- Халидуллин, 2001 — *Халидуллин Г.Х.* Политика Советского государства в отношении казахских шаруа (1917–1940). Алматы: НИЦ Ғылым, 2001. 216 с.
- Харламова, Ракишева, 2002 — *Харламова О.Б., Ракишева А.Т.* Книга скорби – Азалы Кітап; каз. историко-просвет. общество «Адилет» («Справедливость»). Акимат СКО РК. Вып. 7: Северо-Казахстанская область. Алматы: Казахстан, 2002. 210 с.
- Ibrayeva et al., 2021 — *Ibrayeva A.G., Temirkhanova A.S., Kartova Z.K., Sadykov T.S., Abuov N.A., Pleshakov A.A.* Interdisciplinary approach to studying written nomadic sources in the context of modern historiology // *Heritage Science*, 2021. No. 9(1). 90 p.
- Uyama, 2012 — *Uyama T.* The Alash Orda's Relations with Siberia, the Urals and Turkestan: The Kazakh National Movement and the Russian Imperial Legacy. Uyama Tomohiko, ed. *Asiatic Russia: Imperial Power in Regional and International Contexts*. London: Routledge, 2012. Pp. 271–287.

## МАЗМҰНЫ

### ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

|   |     |
|---|-----|
| <b>Деннингхаус В., Джиеналиев Е.К., Раздыков С.З.</b><br>XIX ҒАСЫРДЫҢ 2 ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ НЕМІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНДА<br>ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БЕЙІМДІЛІГІНІҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ..... | 289 |
| <b>Серғалиев М.Х.</b><br>ТАРИХИ ЖАДЫ: ӘСКЕРИ КОЛЛАБОРАЦИОНИЗМНІҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН<br>ШАРТТАРЫ («ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫ» МЫСАЛЫНДА).....   | 303 |

### ТАРИХ

|   |     |
|---|-----|
| <b>Асылбекова Ж. М-А., Апендиев Т.Ә., Омарова Г.А.</b><br>1991–2009 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ.....   | 318 |
| <b>Жиренов А.А., Ошан Ж.</b><br>«МУ‘ИЗЗ АЛ-АНСАБ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ШАҒАТАЙ ХАН УӘЗІРЛЕРІ.....  | 333 |
| <b>Ибраева А.Ғ., Мәлікова С.З., Темірханова Ә.С.</b><br>АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ АЙДАРХАН ТҮРЛЫБАЕВ ПЕН ЕРЕЖЕП ИТБАЕВТЫҢ ҚЫЗМЕТІ...347  | 347 |
| <b>Қабыл А.Ә., Түрсүн Х.М., Әбікей А.М.</b><br>АУАҚӨШУШІЛЕР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ.....  | 361 |
| <b>Капбарова Г.Ш., Шашаев Ә.К., Карибаев С.У.</b><br>ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ<br>ТАРИХИ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ (1991–2011 ЖЖ.).....              | 373 |
| <b>Қасымбекова М.Ә.</b><br>БАТЫС ЖӘНЕ РЕСЕЙ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ СОПЫЛЫҚТАҒЫ ӘУЛИЕЛІК МӘСЕЛЕСІ...387  | 387 |
| <b>Қуанбай О.Б.</b><br>АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ БАШҚҰРТ КӨТЕРІЛІСІ САЛДАРЫНА ЫҚПАЛЫ (1735–1740 жж.).....  | 398 |
| <b>Қозыбаева М.М., Қаипбаева А.Т.</b><br>ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ МАРГИНАЛДАР: САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ<br>МӘРТЕБЕСІ МЕН БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....                            | 411 |
| <b>Нурпенсова Э.Т., Әбіл Е.А., Буканова Р.Г.</b><br>ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....  | 424 |
| <b>Оралова А.А.</b><br>ҚОЖАБЕРГЕН САРДАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ МЕН КҮРЕСКЕРЛІК КЕЛБЕТІ ТУРАЛЫ КЕЙБІР ДЕРЕКТЕР...435  | 435 |
| <b>Стамшалов Е.И.</b><br>XX ҒАСЫРДЫҢ 20-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚЫТАЙ МЕН КЕҢЕСТІК РЕСЕЙ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТТЕРІ ЖӘНЕ<br>ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ.....   | 447 |
| <b>Төлебаев Т.А., Құрманалина Н.Н., Илгидаева С.М.</b><br>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АРХИВ ІСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....   | 462 |
| <b>Уалтаева А.С., Марғұлан А.С., Омарова Г.А.</b><br>XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ФЕНОМЕНІН<br>ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....  | 478 |
| <b>Ужкенов Е.М., Смағұлов Б.К.</b><br>«ҚАЗАҚ ОРДАСЫНАН» «ҚЫРҒЫЗ ДАЛАСЫНА» ДЕЙІН: ОРЫС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ<br>ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТЕРРИТОРИЯСЫН ҚАБЫЛДАУДЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ<br>(XVI – XX Ғ. БАСЫ)..... | 492 |

### АНТРОПОЛОГИЯ

|   |     |
|---|-----|
| <b>Сакенов С.</b><br>ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚОСЫМША ЖЕРЛЕУ ҚҰРЫЛЫСТАРЫН ЖӘНЕ ҚАБІРЛЕРДІ ЕКІНШІ РЕТ<br>ПАЙДАЛАНУЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)..... | 507 |
|---|-----|

## СОДЕРЖАНИЕ

## ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

|   |     |
|---|-----|
| <b>Деннингхаус В., Джиеналиев Е.К., Раздыков С.З.</b><br>ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ И КУЛЬТУРНОЙ АДАПТАЦИИ НЕМЦЕВ<br>В КАЗАХСТАНЕ ВО 2 ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВВ..... | 289 |
| <b>Сергалиев М.Х.</b><br>ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ: ПРИЧИНЫ И УСЛОВИЯ ВОЕННОГО КОЛЛАБОРАЦИОНИЗМА<br>НА ПРИМЕРЕ «ТУРКЕСТАНСКОГО ЛЕГИОНА».....  | 303 |

## ИСТОРИЯ

|  |     |
|--|-----|
| <b>Асылбекова Ж. М-А., Апендиев Т.А., Омарова Г.А</b><br>КВОПРОСУ О ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН В 1991–2009 ГГ.....   | 318 |
| <b>Жиренов А.А., Ошан Ж.</b><br>ВИЗИРИ ЧАГАТАЙ ХАНА В ТРУДЕ «МУ‘ИЗЗ АЛ-АНСАБ».....   | 333 |
| <b>Ибраева А.Г., Маликова С.З., Темирханова А.С.</b><br>ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АЙДАРХАН ТУРЛЫБАЕВА И ЕРЕЖЕП ИТБАЕВА В ПЕРИОД ДВИЖЕНИЯ АЛАШ.....  | 347 |
| <b>Кабыл А.А., Турсун Х.М., Абикей А.М.</b><br>ОТКОЧЕВНИКИ – ЖЕРТВЫ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИИ.....  | 361 |
| <b>Капбарова Г.Ш., Шашаев А.К., Карибаев С.У.</b><br>ИСТОРИКО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА<br>В ПЕРВОМ ДВАДЦАТИ ЛЕТИ НЕЗАВИСИМОСТИ (1991–2011 ГГ.).....                     | 373 |
| <b>Касимбекова М.А.</b><br>ПРОБЛЕМА СВЯТОСТИ В СУФИЗМЕ В ТРУДАХ ЗАПАДНЫХ И РОССИЙСКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ....   | 387 |
| <b>Куанбай О.Б.</b><br>ВЛИЯНИЕ АБЫЛАЙ-СУЛТАНА НА ПОСЛЕДСТВИЯ БАШКИРСКОГО ВОССТАНИЯ (1735–1740 гг.).....  | 398 |
| <b>Козыбаева М.М., Каипбаева А.Т.</b><br>ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ И МАРГИНАЛЫ В ГОРОДАХ КАЗАХСТАНА В 1920–1930-Х ГГ.:<br>ПРАВОВОЙ СТАТУС И ПРОБЛЕМЫ АДАПТАЦИИ ЛИШЕНЦЕВ.....                  | 411 |
| <b>Нурпенсова Э.Т., Абиля Е.А., Буканова Р.Г.</b><br>ЖИЗНЬ И ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕЛДЕСА ОМАРОВА.....   | 424 |
| <b>Оралова А.А.</b><br>НЕКОТОРЫЕ ИСТОЧНИКИ О ПРОИСХОЖДЕНИИ И БОЕВОМ ОБЛИКЕ САРДАРА КОЖАБЕРГЕНА.....  | 435 |
| <b>Стамшалов Е.И.</b><br>ПОГРАНИЧНЫЕ СЛУЖБЫ КИТАЯ И СОВЕТСКОЙ РОССИИ И КАЗАХСКИЕ БЕЖЕНЦЫ<br>В 20-Е ГОДЫ XX ВЕКА.....   | 447 |
| <b>Тулбаев Т.А., Курманалина Н.Н., Илгидаева С.М.</b><br>ИССЛЕДОВАНИЕ АРХИВНОГО ДЕЛА В РЕСУПУБЛИКЕ КАЗАХСТАНА.....   | 462 |
| <b>Уалтаева А.С., Маргулан А.С., Омарова Г.А.</b><br>ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ФЕНОМЕНА РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА В 20–30-Х ГГ. XX<br>ВЕКА.....  | 478 |
| <b>Ужкенов Е.М., Смагулов Б.К.</b><br>ОТ «КАЗАЧЬЕЙ ОРДЫ» ДО «КИРГИЗСКОЙ СТЕПИ»: ЭВОЛЮЦИЯ ВОСПРИЯТИЯ<br>ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В РУССКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ<br>(XVI – НАЧАЛЕ XX ВВ.)..... | 492 |

## АНТРОПОЛОГИЯ

|  |     |
|--|-----|
| <b>Сакенов С.</b><br>ПРИСТРОЙКИ И ВТОРИЧНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПОГРЕБАЛЬНЫХ СООРУЖЕНИЙ В РАЗНЫЕ<br>ИСТОРИЧЕСКИЕ ПЕРИОДЫ (ПО МАТЕРИАЛАМ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА)..... | 507 |
|--|-----|

## CONTENTS

## THEORY OF METHODOLOGY

**Denninghaus V., Jiynaliyev Ye.K., Razdykov S.Z.**

HISTORICAL ASPECTS OF ECONOMIC AND CULTURAL ADAPTATION OF GERMANS IN KAZAKHSTAN IN THE 2ND HALF OF THE XIX – EARLY XX CENTURIES.....289

**Sergaliev M.Kh.**

HISTORICAL MEMORY: REASONS AND CONDITIONS OF MILITARY COLLABORATION BY THE EXAMPLE OF THE «TURKESTAN LEGION».....303

## HISTORY

**Assylbekova Zh.M.-A., Apendiyev T.A., Omarova G.A.**

ON THE ISSUE OF EMPLOYMENT OF THE POPULATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN 1991–2009.....318

**Zhirenov A.A., Oshan Zh.**

THE VIZIERS OF CHAGATAI KHAN IN THE WORK "MU'IZZ UL-ANSAB".....333

**Ibrayeva A.G., Malikova S.Z., Temirkhanova A.S.**

ACTIVITIES OF AIDARKHAN TURLYBAYEV AND EREZHEP ITBAEV DURING THE ALASH MOVEMENT.....347

**Kabyl A., Tursun Kh., Abikey A.**

NOMAD MIGRANTS AS VICTIMS OF POLITICAL REPRESSIONS.....361

**Kapbarova G., Shashaev A. Karibaev S.**

HISTORY-DEMOGRAPHIC SITUATION OF SOUTHERN KAZAKHSTAN DURING THE FIRST TWENTY YEARS OF INDEPENDENCE (1991–2011).....373

**Kasimbekova M.A.**

THE PROBLEM OF HOLINESS IN SUFISM IN THE WORKS OF WESTERN AND RUSSIAN RESEARCHERS.....387

**Kuanbay O.B.**

ABLAI SULTAN'S INFLUENCE ON THE CONSEQUENCES OF THE BASHKIRS REBELLION (1735–1740).....398

**Kozybayeva M.M., Kaipbayeva A.T.**

POLITICAL REPRESSIONS AND MARGINALIZED PEOPLE IN THE CITIES OF KAZAKHSTAN IN THE 1920–1930S: LEGAL STATUS AND PROBLEMS OF ADAPTATION OF DISENFRANCHISED PEOPLE.....411

**Nurpeissova E.T., Abil Ye., Bukanova R.**

THE LIFE AND EDUCATIONAL ACTIVITIES OF ELDES OMAROV.....424

**Oralova A.A.**

SOME SOURCES ABOUT THE ORIGIN AND BATTLE APPEARANCE OF SARDAR KOZHABERGEN.....435

**Stamshalov Ye.I.**

BORDER SERVICES OF CHINA AND SOVIET RUSSIA AND KAZAKH REFUGEES IN THE 20S OF THE XX CENTURY.....447

**Tulebaev T.A., Kurmanalina N.N., Ilgidaeva S.M.**

RESEARCH OF ARCHIVAL BUSINESS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....462

**Ualtayeva A.S., Margulan A.S., Omarova G.A.**

FORMATION OF THE SOCIO-CULTURAL PHENOMENON OF KAZAKHSTAN DEVELOPMENT IN THE 20–30S OF THE 20TH CENTURY.....478

**Ujkenov E.M., Smağulov B.Q.**

FROM THE “KAZAK HORDE” TO THE “KIRGIZ STEPPE”: THE EVOLUTION OF UNDERSTANDING THE TERRITORY OF THE KAZAK KHANATE IN RUSSIAN HISTORIOGRAPHY (XVI – EARLY XX CENTURIES).....492

## ANTHROPOLOGY

**Sakenov S.**

EXTENSIONS AND SECONDARY USE OF FUNERAL STRUCTURES IN DIFFERENT HISTORICAL PERIODS (BASED ON MATERIALS OF NORTHERN KAZAKHSTAN).....507



**EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы 2024. 11 (2)

*Бас редактор:*

*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*

*Копеева С.Ж.*

Жарияланған күні: 25.06.2024.

Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

*Құрылтайшысы және баспагері:*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК Тел.: +7 (727)

261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй